



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

09.07.2026 жыл

№ 10, 2-т.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігіндегі кәсіподақ оқуын ұйымдастырудың модельдерін талдау туралы.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымы» ҚБ-да (әрі қарай – Облыстық ұйым) кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыру жағдайын зерделеу мен талдау қорытындылары бойынша анықтаманы қарап және талқылай келе, Атқару комитеті өңірде құқықтық жалпыға бірдей оқудың белгілі бір жүйесі қалыптасқанын атап өтеді. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Облыстық ұйым 14 аудандық және қалалық ұйымды, 535 бастауыш кәсіподақ комитетін және 23 957 кәсіподақ мүшесін біріктіреді.

Оқыту процесі 2025 жылға арналған Құқықтық жалпыға бірдей оқу жоспарына сәйкес үйлестірілген. Кәсіподақ активін қамтудың оң динамикасы байқалады: 2024 жылы 30 іс-шара (6 284 қатысушы), ал 2025 жылы 34 іс-шара (8 734 қатысушы) өткізілген. Тәжірибеде «Кәсіподақ активінің мектебі», «Кәсіподақ қызметінің негіздері» курсы және «Әдістемелік кешен» («Методическая копилка») WhatsApp-жобасы сияқты форматтар қолданылады.

Сонымен бірге, Атқару комитеті кейбір олқылықтардың бар екенін атап өтеді:

- *Қаржылық тәртіп:* Кәсіподақтың шығыстар сметасының кемінде 10%-ын оқуға бағыттауды талап ететін ішкі нормативтеріне қарамастан, Облыстық ұйымның нақты шығыстары 2025 жылы небәрі 6%-ды, ал 2026 жылы 7%-ды құрады.

- *Ұйымдастырушылық кемшіліктер:* цифрландыру деңгейінің төмендігі және практик-лекторлардың тапшылығы байқалады.

Білім беру саласындағы құқықтық және әдіснамалық базаның өзгерістеріне жедел шара қолдану қажеттілігін ескере отырып, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымы» ҚБ-да кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыруды зерделеу және талдау қорытындысы бойынша анықтама назарға алынсын.

2. **Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымының уәкілетті органына:**

2.1. Кәсіподақтың қаржылық нормативінің мүлтіксіз орындалуы бойынша шаралар қабылдансын, бұл ретте кәсіподақ кадрлары мен белсенділерін оқытуды ұйымдастыруға облыстық комитет сметасының шығыс бөлігінен кемінде 10% көлемінде қаражат бөлу көзделсін.

2.2. Оқу бағдарламаларын міндетті базалық және вариативтік бөліктерге бөле отырып, оқытудың аралас (blended) және модульдік тәсілдерін енгізу арқылы «Кәсіподақ активінің мектебі» жұмысының форматы қайта құрылсын.

2.3. Цифрлық және ресурстарға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында қазіргі заманғы IT-құралдарды, соның ішінде жасанды интеллект элементтерін енгізуді көздейтін мамандандырылған қашықтықтан оқыту жүйесі (видеокурстар, вебинарлар) әзірленсін және іске қосылсын.

2.4. Тәжірибелі төрағалар мен сыртқы сарапшылар қатарынан лекторлар мен практик-тренерлердің өңірлік пулының қатарын кеңейтілсін, олар үшін әдістемелік дайындық пен материалдық ынталандырудың ашық жүйесі әзірленсін.

2.5. Білімдерін іс жүзінде қолдануын талдау мақсатында Pre-test/Post-test, сондай-ақ қатысушылар арасында 3–6 айдан кейін сауалнама жүргізуді қамтитын оқытудың тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізу және бағалау жүйесі енгізілсін.

2.6. Облыстық ұйымның алқалы басқару органдарының отырыстарында талқылана отырып, Кәсіподақтық оқытуды жетілдірудің 2026–2028 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары әзірленсін және бекітілсін.

3. Кәсіподақтың Орталық комитет аппаратына **2026 жылдың 20 қыркүйегіне дейінгі мерзімде** осы қаулының орындалуы туралы ақпарат пен 2026-2028 жылдарға арналған іс-шаралардың кешенді жоспары ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева